


Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі

Қарағанды индустриалды университеті



**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ-
ЖОЛСІЛТЕМЕСІ**

Теміртау 2023

МАЗМҰНЫ

ҚАРИУДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ.....	3
"ҚАРИУ" КЕАҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	5
ФАКУЛЬТЕТТЕР.....	6
ҚАРАҒАНДЫ ИНДУСТРИАЛДЫ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ.....	8
БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	8
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	10
НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	11
АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ, БАҚЫЛАУ ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН ДЕМАЛЫСТАРДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ҰЗАҚТЫҒЫ.....	16
ҚАРИУДЕ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	17
БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАСЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	19
ЕСЕПТЕУ МЫСАЛЫ	21
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	22
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ (АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ) GRA КӨШУ БАЛЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	24
GRA КӨШУ БАЛЛЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ	26
ЖАЗҒЫ ОҚУ СЕМЕСТРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	27
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ.....	29
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СЕКЦИЯЛАР.....	30
АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ	31
ҚАРИУДІҢ КІТАПХАНАСЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	31

ҚарИУдің құрылымы және қысқаша тарихы

Қарағанды индустриалды университеті ҚР Үкіметінің 25.07.2006 ж. №705 қаулысымен "Қарағанды металлургия институты" АҚ – нан қайта құрылды, ол Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 19.03.1993 ж. №221 қаулысымен Қарағанды политехникалық институтының филиалы базасында 1963 ж. құрылған Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы Зауыт-ЖТУ-дан қайта құрылды.

Қарағанды индустриялық университеті жоғары білікті кадрларға ие және қазіргі заманғы материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаға ие бола отырып, 50 жыл бойы Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласына қажетті жоғары кәсіби білікті мамандарды даярлауды жүзеге асырады. Біздің оқу орнымызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Республикамыздың және ТМД елдерінің көрнекті қайраткерлері, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары мен белгілі мамандары білім алды. Мәселен, "АрселорМиттал Теміртау" АҚ ірі металлургиялық кәсіпорнында инженерлік-техникалық қызметкерлердің 90%-ы ҚарИУ түлектері болып табылады.

ҚарИУ түлектері жыл сайын "АрселорМиттал Теміртау" АҚ, "Ақсу ферроқорытпа зауыты" АҚ, "Теміртау химия-металлургия зауыты" АҚ, "ҚазМұнайГаз" АҚ, Павлодар және Шымкент МӨЗ, Петропавл ЖТМ және Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарына да қажетті мамандар дайындап келеді.

2021 жылдың наурыз айынан бастап Қарағанды индустриалды университетін Басқарма Төрағасы - Ректор – Абдрасилов Болатбек Серікбайұлы, ҚР ҰҒА академигі, биология ғылымдарының докторы басқарып келеді.

ҚарИУдың жалпы ауданы 44,01 мың шаршы метр болатын 6 оқу-зертханалық ғимараттан тұрады, онда оқу аудиториялары, заманауи жабдықтармен жабдықталған мамандандырылған кабинеттер мен зертханалар орналасқан. Абаттандырылған жатақханалар бар. ҚарИУда, жалпы кітап қоры, 300 мыңнан асатын қазақ, орыс және шет тілдеріндегі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық әдебиеттерден құралған, заманауи ғылыми кітапхана бар.

ҚарИУ-да мамандарды даярлау 3 факультетте жүргізіледі: "Металлургия және

машина жасау", "Энергетика, көлік және басқару жүйелері" және "Экономика және құрылыс".

Оқыту мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Қарағанды индустриалды университеті бакалавр, магистратураға және PhD докторантураға (философия докторы) білім беру бағдарламалары негізінде кадрлар даярлауды жүзеге асырады.



"ҚарИУ" КеАҚ құрылымы мен қызметтері

Кімге жүгіну керек	Не, қайда және қалай табуға болады
Басқарма Төрағасы - Ректоры ҚР ҰҒА – академигі, б.ғ. д. Абдрасилов Болатбек Серікбайұлы	Республика даңғылы, 30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі, 206 бөлме, тел. 91-56-26
Басқарма Мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректор-доцент, т.ғ.к Сивякова Галина Александровна	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі,205-бөлме, тел. 91-16-59, 91-42-66
Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі Проректор м.а.-х. ғ. к. Махмұтов Болат Бижанұлы	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі, 217-бөлме, тел. 91-39-01
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты Департаментінің Директоры- Попова Нина вгеньевна	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі, 200-бөлме, Тел. 87073818200
Ғылым, инновация және халықаралық ынтымақтастық Департаментінің Директоры-PhD Жүнісқалиев Талғат Тоқашұлы	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі, 219-бөлме
Академиялық саясат Департаментінің Директоры-PhD Харченко Елена Михайловна	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі,213-каб. Тел. 91-68-95
Тіркеуші-офисі басшысы-ф-м. ғ. к. Чалая Оксана Владимировна	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі,211-каб.
Академиялық саясат Департаментінің біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандары	Республика даңғылы,30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, Қабылдау бөлмесі, 215-каб.
Білім алушыларға қызмет көрсету орталығының (секторының) басшысы- Бушева Надежда Александровна	Республика даңғылы, 30 бас ғимарат, 2 қабат, 229-каб.
Кітапхана	Республика даңғылы, 30 бас ғимарат, 2 қабат 247-каб., Тел.91-46-91
Оқу залы	Республика даңғылы, 30 бас ғимарат, 3 қабат 319-каб.
Мед.пункт	Республика даңғылы, 30 бас ғимарат, 2 қабат, 232- каб.
Келісім-шарт секторы	Республика даңғылы, 30а Жаңа ғимарат, 2 қабат, 220-каб.
Асхана	Республика даңғылы, 30а Жаңа ғимарат, 1 қабат
Буфет	Республика даңғылы, 30 бас ғимарат, 1 қабат
Бас ғимарат	Республика даңғылы, 30 Тел.91-50-46
Жаңа ғимарат (оқу-зертханалық)	Республика даңғылы, 30а Тел 90-79-04

«А» ғимараты (зертханалық)	Республика даңғылы, 30 Тел.91-31-43
Спорт ғимараты	Республика даңғылы, 30 Тел.91-20-37
№1-ші жатақхана	О.Тищенко көшесі,41 Тел.91-14-05
№2-ші жатақхана	О.Тищенко көшесі,35 Тел.91-21-74

ФАКУЛЬТЕТТЕР

Факультет	Декан, декан орынбасары	Кафедралар	Мамандықтар/ Білім беру бағдарламалары
Металлургия және машина жасау	Декан Жабалова Гульнара Газизқызы Республика даңғылы, 30, бас ғимарат, 2 қабат, каб. 221	Металлургия және материалтану (МжәнеМ)	6В07206 – Түсті металдар металлургиясы 6В07202 - Қара металдар металлургиясы 6В07103 - Материалтану және жаңа материалдар технологиясы 6В07207 - Пайдалы қазбаларды байыту 7М07203/7М07204 - Қара және түсті металдар металлургиясы 7М07106/7М07109 - Материалтану және материалдардың нанотехнологиялары 8D07202 - Қара және түсті металдар металлургиясы
		Металдарды қысыммен өңдеу (МҚӨ)	6В07201 - Материалдарды қысыммен өңдеу 6В07108 – Машина жасаудағы ұсталық-қалыптау өндірісі 6В07501 - Стандарттау, метрология және сертификаттау 7М07101 - Жаңа конструкциялық материалдарды өңдеу технологиясы 8D07101 - Инженериядағы нанотехнологиялар
		Химиялық технология және экология (ХТжәнеЭ)	6В11201- Өндірістік, экологиялық және өрт қауіпсіздігі 6В07204 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы 7М07102 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы 7М11201 - Өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік 7М07206 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы D07103 Органикалық заттардың химиялық технологиясы
Энергетика, көлік және басқару жүйелері	Декан м.а. Шаяхметова Гульмира Аубакирқызы Декан орынбасары Камарова Сауле Нуртазақызы	Энергетика	6В07105 - Өнеркәсіптік нысандарды энергиямен қамтамасыздандыру 6В07104/6В07111 - Өнеркәсіптік кәсіпорындардың және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының нысандарының жылуэнергетикасы, техникалық және кәсіптік білім беру негізінде 7М07112 /7М07113- Электр энергетикасы
		Технологиялық машиналар және көлік (ТМжәнеК)	6В07110 - Көтеру-тасымалдаушы, құрылыс және жол машиналары 6В07107 - Өндірістің технологиялық жабдықтары 6В07112 Көлік-технологиялық машиналар 7М07103/7М07105 - Технологиялық

	Республика даңғылы, 30, бас ғимарат, , каб.233 Тел. 91-31-57		жабдықтардың инжинирингі 7M07114 - Көлік-технологиялық жүйелер инжинирингі 8D07102 Технологиялық машиналардың инновациялық инжинирингі
		Қазақстан тарихы, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және дене тәрбиесі (ҚТ,ӘГПжәнеДТ)	
		Жасанды интеллект технологиялары (ЖИТ)	6B06102 - Жасанды интеллект технологиялары 6B06101 - Бағдарламалық инженерия 6B07106 - Автоматтандыру жүйесінің инженериясы 7M07110/7M07111 - Автоматтандыру және басқару 8D07104 Автоматтандыру және басқару
Экономика және құрылыс	Декан Ниязов Талғат Жақсыбайұлы Декан орынбасары Алдабаева Асем Егинбаевна Республика даңғылы, 30а, Жаңа ғимарат, 3 қабат, каб.318 Тел. 90-79-04 (ішкі 145)	Экономика және бизнес (ЭжәнеБ)	6B04103 - Бизнес экономикасы 6B04101- Кәсіпкерлік саласындағы менеджмент 6B04104 - Қаржы ұйымының экономикасы 6B04106 - Кәсіпкерліктегі есеп және аудит 7M04103/7M04104 – Экономика
		Құрылыс (Қ)	6B07301 - Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс 7M07301/7M07302 - Ғимараттар және үймереттерді жобалау теориясы мен технологиясы

Қарағанды индустриалды университеті білім алушыларының академиялық адалдық кодексі

ҚарИУдың студенттері, магистранттары және докторанттары өткір кәсіби бәсекелестіктің өсуі жағдайында, академиялық адалдық қағидаттары мен парасаттылық стандарттарын сақтамай еңбек нарығында сұранысқа ие болу мүмкін еместігін түсініп, осы кодексті қабылдайды және төмендегілерді орындауды міндеттенеді:

1. ҚР Конституциясын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, университет жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
2. Өздерін жоғары мектептің өкілдері екенін әрқашан есте сақтауды және университет қабырғасында да, одан тыс жерлерде де, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауда интеллект, парасаттылық пен мәдениеттің үлгісі етіп көрсетуді ешқашан ұмытпауды.

ҚарИУ білім алушылары академиялық адалдық Кодексімен:
☞ <https://ttu.edu.kz/kodeks-chesti/> сайтынан танысуға болады

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Студент (магистрант, докторант) құқылы:

- Білім беру гранты бойынша және келісім-шарт негізінде оқуға;
- Мамандықтың жалпыға міндетті стандарттары шеңберінде білім алуға;
- Белгіленген мөлшерде стипендия алуға (мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын тұлғалар үшін);
- Жеке траектория шеңберінде оқуға;
- Өз қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша білім беру қызметтерін пайдалануға және білім алуға;
- Оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдау;
- ЖжЖБКБМ-де профессор-оқытушылар құрамы жеткілікті болған жағдайда оқытушыны таңдауға;
- Заңда белгіленген тәртіппен бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан/білім беру бағдарламасынан екіншісіне қайта қабылдану және ауысу;
- Өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- Бағалардың жариялылығына;
- Академиялық демалыс (денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде жүктілік және босану бойынша) алуға;
- Университет шарт жасасқан басқа жоғары оқу орындарында жекелеген оқу

пәндерін оқуға;

- Кафедраның, факультеттің, кітапханалардың зертханалық жабдықтарын, компьютерлерін, ғылыми анықтамалық материалдарын пайдалану;
- Университет қызметі мен студенттік өмірдің маңызды мәселелерін шешуге қоғамдық ұйымдар арқылы қатысу;
- Университеттің тиісті ережелері мен жарғысына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарына және басқа да қызмет түрлеріне қатысу;
- Ғылыми – техникалық мәселелерді шешуге, баспа қызметіне қатысатын ғылыми – техникалық шығармашылық орталықтардың, кооперативтердің және басқа да шаруашылық жүргізуші ұйымдарының ұйымдастырушысы ретінде және жұмысына қатысу;
- Білім алушылар топтары үшін белгіленген медициналық қызметке және басқа да жеңілдіктерге;
- Оқудағы, ғылыми – зерттеу және басқа да қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге және сыйақыға, алғысқа, грамотамен, ақшалай сыйлықпен марапатқа, бағалы сыйлықпен, профилакторияға немесе спорттық – сауықтыру лагеріне тегін берілетін жолдамаға (материалдық көтермелеу нысанын таңдау деканаттың, кафедраның ұсынысы бойынша жүзеге асырылады);
- Университет жатақханаларында тұруға;
- Бейіндеуші кафедралардың ұсынысы бойынша үлгерімі жақсы білім алушылар жеке оқу кестесіне ауыстырылуы мүмкін.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Студент міндетті:

- Университет ғимаратында ҚарИУдың ішкі тәртіп ережелеріне бағыну;
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін зерделеу және қатаң сақтау;
- Оқу жоспарының талаптарын орындау;
- Куратордың, деканның, университет ректоратының тапсырмаларын орындау;
- Таңдалған мамандық/білім беру бағдарламасы мен маманданудың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын меңгеру;
- Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өту;
- Оқу пәндеріне уақтылы жазылу және деканатқа жеке оқу жоспарын ұсыну;
- Оқу пәндері бойынша СӨЖ орындау;
- Күн сайын сабаққа қатысу, нақастығы бойынша сабаққа қатыспаған жағдайда, бұл туралы деканатқа ескерту жасау, содан кейін факультет деканына 3 оқу күнінен кешіктірмей тиісті емдеу мекемесінің белгіленген үлгідегі анықтамасын ұсыну;
- Оқу-әдістемелік әдебиет пен инвентарьға ұқыпты қарау;
- Курстастарына, оқытушыларына және т. б. мейірімді болу;
- Сабақ кезінде ұялы телефондарды сөндіріп қою;
- Науқастануы бойынша сабақтарда болмаған жағдайда деканатқа немесе кураторға хабарлау;
- Күндізгі оқу нысаны бойынша оқу кезінде жазғы кезеңде университет объектілерінде еңбек семестрі туралы Ережеге сәйкес жұмыс істеу;
- Қоғамдық орындарда этикалық нормалар мен жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтау;

Жоғары оқу орны мен студенттік жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін орындау.

Қатаң тыйым салынады:

- есірткі және басқа психотроптық заттарды сақтау және қолдану;
- ішімдік ішу;
- университеттің ғимараттары мен оқу ғимараттарында және оның аумағында темекі шегу;
- сабақ кезінде ұялы телефондарды пайдалану;

Студент сабаққа сәйкес келбетке ие болуы керек, ұқыпты және жағымды болуы керек.

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) – оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі.

Академиялық кезең (Term) – үш нысанның бірінде білім беру ұйымы өз бетінше белгілейтін Теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.

Академиялық ұтқырлық — білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Академиялық еркіндік - білім беру үдерісінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Академиялық дәреже (Degree) – қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беру оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары беретін дәреже.

Академиялық анықтама (Transcript) – кредиттерді, бағаларды және орташа балды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесін қамтитын белгіленген нысандағы құжат.

Академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең (ӘАОО-да 1 академиялық сағат кемінде 40 минутқа тең), академиялық күнтізбені (оқу

процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

Апелляция – студенттердің білімін объективті бағалауға ықпал ететін факторларды анықтау және жою мақсатында жүргізілетін рәсім.

Бакалавр, магистр, доктор (Bachelor, Master, Doctor) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәрежелер.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

Қос дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі;

Оқу пәніне жазылу (Enrollment) - білім алушыларды белгіленген тәртіппен оқу пәндеріне алдын ала жазылу рәсімі.

Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

Қорытынды бақылау (Final Examination) – аралық аттестаттау кезеңінде емтихан нысанында өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес

жоспарлауы негізінде оқыту.

Таңдау компоненті (Electives) – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – білім алушылардың білім деңгейін жоғары оқу орны дербес айқындайтын бақылаудың (ағымдағы, аралық және қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен тексеру.

Жаппай ашық онлайн курстар (MOOC) – Интернетке қосылған көп қатысушылардың арналған, барлығына және барлық жерде, барлық материалдарға тегін қол жеткізуді ұсынатын ашық курстар.

Тіркеуші кеңсесі (Office of Registrar) – білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

Міндетті компонент (Core Subjects) – МЖС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі.

Күндізгі оқу нысаны (Full Time Education) – білім алушы оқу жоспарында көзделген барлық оқу сабақтарына қатысуға міндетті оқыту нысаны.

Емтиханды қайта тапсыру (FX 24-49%) - пән бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған және өту баллы Fx (24-49%) болған студент емтихан сессиясы барысында бір рет қана қорытынды емтиханды қайта тапсыра алады.

Пререквизиттер (Prerequisite) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

Постреквизиттер (Postrequisite) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

Студенттерге арналған пән бағдарламасы (Syllabus) – оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оқу ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, консультациялар уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушының талаптарын, білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін және әдебиеттер тізімін қамтитын оқу бағдарламасы.

Білім алушыларды аралық аттестаттау – емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің оқу аяқталғаннан кейін оның бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

Үлгерімді аралық бақылау (Midterm Examination) – бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОБӨЖ) (Office Hours) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі –


ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді.

Тьютор (Tutor) – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы.

Үлгерімді ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқытушы жүргізетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

Білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті.

Эдвайзер (Advisor) – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.



АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРДІҢ, БАҚЫЛАУ ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН ДЕМАЛЫСТАРДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ҰЗАҚТЫҒЫ

Қарағанды индустриалды университетінде оқу жылы 1 қыркүйектен басталады. Оқу жылы академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау кезеңдерінен, практикадан және демалыстан тұрады.

Университетте негізгі академиялық кезең ретінде семестр қабылданған, оның ұзақтығы 15 апта. Бір оқу жылы екі семестрден тұрады.

Білім алушылар семестрде көзделген оқу пәндерін оқуды аяқтағаннан кейін оларды игеру сапасын бағалау мақсатында емтихандар мен сараланған сынақтарды тапсыру нысанында аралық аттестаттау жүргізіледі. Аралық аттестаттау кезеңі сессия (қысқы немесе жазғы) деп аталады.

Демалыс жылына кемінде екі рет (қысқы және жазғы кезеңдерде) жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болып белгіленеді.

Оқытудың қосымша түрлеріне қажеттілікті қанағаттандыру, оқу бағдарламаларындағы айырмашылықты және академиялық қарызды жою үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестр енгізіледі.

Академиялық кезеңдердің, барлық бақылау іс-шараларының, практика түрлерінің, магистранттар, докторанттар ҒЗЖ және каникулдардың мерзімдері мен ұзақтығы академиялық күнтізбеде көрсетілген.

Оқытудың барлық нысандары мен деңгейлеріндегі білім алушыларға арналған академиялық күнтізбе ҚарИУдың ресми сайтында "Студент" қойындысында мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://ttu.edu.kz/student/akademicheskii-kalendar/>

ҚарИУда оқу процесін ұйымдастыру

ҚарИУда оқу процесі келесі нысандарда ұйымдастырылады:

Аудиториялық жұмыс: оқу бөлмелерінде оқытушының басшылығымен атқарылатын жұмыс. Аудиториялық жұмыстың негізгі түрлері дәрістер, практикалық, семинарлар, зертханалық сабақтар, сондай-ақ аралас форматтағы сабақтар болып табылады.

Дәріс сабақтары – негізінен ағынды (ағындар бойынша) өткізілетін сабақтар. Дәріс сабақтарын, әдетте, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар оқытушылар, аға оқытушылар, сондай-ақ ҚарИУда жұмыс істейтін тәжірибелі практикалық және ғылыми қызметкерлер жүргізеді.

Практикалық сабақтар - студенттік топтарда немесе кіші топтарда өткізілетін сабақ түрлері; олар дәріс курстарының материалын тереңірек зерттеуді қамтамасыз етеді.

Зертханалық сабақтар - тек арнайы жабдықталған бөлмеде өткізіледі және теория мен тәжірибені байланыстырушы буыны ретінде қызмет етеді. Олар дәрістерде алынған теориялық білімді тереңдетуге және бекітуге, ғылыми - теориялық ережелерді эксперименттік жолмен тексеруге, жабдықтармен, құралдармен және материалдармен танысуға, ғылыми зерттеу әдістерін практикада зерттеуге мүмкіндік береді.

Зертханалық сабақтар практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, бастамашылық пен тәуелсіздікті дамытады.

Аралас форматтағы сабақтар (дәріс-практикалық) теориялық материалдың, оның практикалық тұрғыда үйренумен синтезі.

Аудиториядан тыс жұмыс: білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ), оның ішінде оқытушының (ОБӨЖ) басшылығымен, сондай-ақ оқу және кәсіптік практикаларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Білім алушының өзіндік жұмысы (СРО) мыналарды қамтиды: оқу курсының жекелеген тақырыптарын өз бетінше зерделеу, ұсынылған әдебиеттерді талдау, жазбаша бақылау жұмыстарын орындау, рефераттар немесе эсселер дайындау, курстық және дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және т.б. БӨЖ түрлері, бақылау нысандары және оның орындалуын

бағалау пән бойынша оқыту бағдарламасында (силлабуста) егжей-тегжейлі баяндалады.

Оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмыс (ОБӨЖ) – оқытушымен бірге студенттің (магистранттың, докторанттың) аудиториядан тыс жұмысы. Осы сабақтарда үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды), семестрлік және бақылау жұмыстарын, есептерді және т.б. орындау бойынша оқытушыдан жеке кеңес алуға, сондай-ақ осы пәннің оқу бағдарламасында көзделген жұмыстардың барлық түрлерін тапсыруға мүмкіндік бар.

Сабақ кестесін академиялық саясат департаментінің мамандары жасайды және университет сайтында «Студент» қойындысында сілтеме бойынша ілінеді: <https://tttu.edu.kz/student/raspisanie-zanyatyy-timetable-of-classes-saba%d2%9b-kestesi/>, сондай-ақ «PLATONUS» ААЖ және «MOODLE» электронды оқу жүйесіне қойылады.



БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАСЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бақылау, оқытудың маңызды құрамдас бөлік болып табылады, өйткені ол мұғалімге де, білім алушыға да белгілі бір уақыт аралығында өткен материалды игеру сапасын анықтауға, оқудағы жетістіктер мен олқылықтарды анықтауға көмектеседі.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау балдық-рейтингтік жүйе негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес әрбір пән бойынша семестрдің қорытынды бағасы семестр ішінде (ағымдағы және аралық бақылау) және қорытынды бақылауды (емтиханды) тапсырған кезде осы пән бойынша барлық бақылау іс-шараларында алған рейтингтік балдарды жинақтау негізінде шығарылады. Бұл ретте қорытынды бағаның 60% - ы ағымдағы және аралық бақылауға, ал 40% - ы емтихан бағасына тиесілі.

Бақылаудың әрбір түрі бойынша ең жоғары баға-100 балл.

Ағымдағы және аралық бақылаудың барлық түрлері пәннің оқу-әдістемелік кешенінде, силлабуста көрсетілген.

Білім алушылардың рейтингін бағалау бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес 8-ші және 15-ші апталарда қойылатын бірінші және екінші рейтингтердің бағаларынан құралады.

Бірінші және екінші рейтингтердің бағалары сәйкесінше семестрдің бірінші және екінші жартысында ағымдағы және аралық бақылаудың әрбір түрі бойынша алынған бағалардың орташа арифметикалық мәні ретінде есептеледі.

Рейтинг баллы рейтинг бағасының 0,6-ға көбейтіндісі ретінде есептеледі. Білім алушы емтиханға оның рейтинг балы кемінде 30 болған жағдайда ғана жіберіледі.

Ағымдағы және аралық бақылаудың әрбір түрі бойынша баға, білім алушы семестр ішінде осы пәннің жұмыс оқу бағдарламасында көзделген барлық жұмыстарды орындаған және тапсырған жағдайда ғана қойылады. Әйтпесе, екінші рейтингтің тиісті бағанында білім алушыға "0" қойылады және екінші рейтингтің нәтижелері нөлге теңестіріледі.

Курстық жұмыстар (жобалар) 100 балл негізінде бағаланады. Курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғауды кафедра меңгерушісі бекіткен кесте бойынша ғылыми жетекшінің қатысуымен кафедра меңгерушісінің өкімімен бекітілген комиссия қабылдайды.

Қорытынды бақылаудың бағасы (ҚБ) рейтингтік бағалау (БР) және емтиханда жинаған (БЭ) балдарын бағалау сомасы ретінде есептеледі:

$$ИО = БР + БЭ$$

Қорытынды баға емтихан тапсырылғаннан кейін ғана, келесі шкалаға сәйкес ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижелерін ескере отырып қойылады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквивалентті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
Fx	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Пән, білім алушыға қорытынды бақылау үшін оң баға қойылған жағдайда ғана есептеледі.

Емтиханға қанағаттанарлықсыз жауап берген жағдайда тиісті пән бойынша кредиттер білім алушыға оның алдын-ала семестрлік рейтингіне қарамастан есептелмейді.

Есептеу үлгісі:

№ п/п	Студентің аты-жөні	Бірінші рейтинг				Екінші рейтинг				Семестр бойынша қорытынды		Емтиханға жіберу
		Зертханалық жұмыс	СӨЖ тапсырмасы	Тестілеу бойынша өткен материал, тапсыру модуль-Бірінші рейтингті бағалау		Зертханалық жұмыстар	СӨЖ тапсырмасы	Тестілеу бойынша өткен материал, тапсыру-Екінші рейтингті бағалау		Оценка рейтинг-допуска	Рейтинг ұпайы	
1	Ахметов Д. М.	80	100	60	80	70	50	60	60	70	42	Жіберілді
2	Иванов Д. П.	60	50	50	53	0	40	50	0	26	18	жіберілмеді
		Л1	Д1	Т1	Р1	Л2	Д2	Т2	Р2	OR	БР	

Студент Ахметов Д.М.:

Бірінші рейтингті бағалау: $R1 = 1/3 (Л1 + Д1 + Т1) = 1/3(80 + 100 + 60) = 80$

Екінші рейтингті бағалау: $R2 = 1/3(Л2 + Д2 + Т2) = 1/3(70 + 50 + 60) = 60$

Емтиханға жіберу рейтингін бағалау : $OR = 1/2(R1 + R2) = 1/2(80 + 60) = 70$.

Рейтинг балы: $БР = OR \cdot 0.6 = 70 \cdot 0,6 = 42$.

Рейтинг балы 30 жоғары болғандықтан студент емтиханға жіберіледі. Студенттің емтиханда алған балы $BЭ = 80 \cdot 0,4 = 32$. Пән бойынша қорытынды баға $ҚБ = BR + BЭ = 42 + 32 = 74$ балл

Осылайша, осы пән бойынша студент Ахметов Д. М. - **С+, 2.33**, жақсы бағасын алады.

Студент Иванов Д.П.:

Бірінші рейтинг бағасы: $R1 = 1/3 (Л1 + Д1 + Т1) = 1/3(60 + 50 + 50) = 53$

Семестрдің соңына студент Иванов Д.П. пән бағдарламасына сәйкес бірде бір зертханалық жұмыстарды орындамады және тапсырмады, сол себепті екінші рейтинг бағасы: $R2 = 0$.

Емтиханға жіберу рейтингі: $OR = 1/2(R1 + R2) = 1/2(53 + 0) = 26$.

Рейтинг балы: $BR = OR \cdot 0,6 = 26 \cdot 0,6 = 17 < 30$.

Д.П.Ивановтың рейтинг балы 30-дан аз болғандықтан студент емтиханға жіберілмейді.

Д.П.Ивановтың пән бойынша қорытынды бағасы **F, 0**, - қанағаттанарлықсыз.

Бағалау критерийлері

"А" бағасы (өте жақсы), егер студент семестр ішінде пәннің барлық бағдарламалық мәселелері бойынша, сондай-ақ өзіндік жұмыс тақырыптары бойынша тамаша білім көрсетсе, аралық тапсырмаларды жүйелі түрде тапсырса, оқытылатын пәннің негізгі бағдарламасы бойынша, сондай-ақ бағдарламадан тыс мәселелер бойынша теориялық және қолданбалы мәселелерді зерделеуде дербестік танытса қойылады.

«А-» бағасы (жақсы), бағалау негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды жақсы білуді, пәннің теориялық мәселелерін жалпылау қабілетін, аудиториялық және өзіндік жұмыс бойынша аралық тапсырмаларды үнемі тапсыруды қамтиды.

«В+» бағасы (жақсы), егер студент пән мәселелері бойынша жақсы және өте жақсы білім көрсетсе, семестрлік тапсырмаларды үнемі тапсырып, көп жағдайда "өте жақсы" және кейбіреулерін "жақсы" тапсырса қойылады.

«В» бағасы (жақсы) егер білім алушы пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын, сондай-ақ өзіндік жұмыс тақырыбын ашатын мәселелер бойынша жақсы білім көрсетсе, үнемі "жақсы" және "өте жақсы" семестрлік тапсырмаларды тапсырса қойылады.

«В-» бағасы (жақсы) егер білім алушыға пәннің теориялық және қолданбалы мәселелерінде аудиториялық және СӨЖ тақырыптары бойынша жақсы бағдарланған, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды тұрақты емес тапсырған және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру жағдайлары болған жағдайда қойылады.

«С+» бағасы (жақсы) егер білім алушыға аудиториялық сабақтар мен СӨЖ барлық түрлері бойынша тұжырымдамалық сипаттағы сұрақтарды меңгерген, пәннің жекелеген модульдерінің мазмұнын аша алатын, семестрлік тапсырмаларды "жақсы" тапсырған жағдайда қойылады.

«С» бағасы (қанағаттанарлық) егер білім алушыға аудиториялық сабақтар мен СӨЖ барлық түрлері бойынша тұжырымдамалық сипаттағы сұрақтарды меңгерген, пәннің жекелеген модульдерінің мазмұнын аша алатын, семестрлік тапсырмаларды "қанағаттанарлық" тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» бағасы (қанағаттанарлық) егер білім алушы семестр бойы семестрлік тапсырмаларды жүйелі түрде тапсырса, бірақ аудиториялық сабақтар мен СӨЖ мәселелері бойынша тек жалпы ұғымдарды меңгерсе және белгілі бір тақырып шеңберіндегі жекелеген заңдылықтар мен оларды түсінуді ғана түсіндіре алса қойылады.

«D+» бағасы (қанағаттанарлық) білім алушыға семестрлік тапсырмаларды жүйелі түрде тапсырған жағдайда, аудиториялық сабақтар мен СӨЖ мәселелері бойынша тек жалпы ұғымдарды меңгерген және белгілі бір тақырып шеңберіндегі жекелеген заңдылықтар мен оларды түсінуді ғана түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D» бағасы (қанағаттанарлық) егер білім алушыға семестрлік тапсырмаларды тұрақты емес тапсырған, аудиториялық сабақтар мен СӨЖ мәселелері бойынша білімнің ең аз көлемін меңгерген, сондай-ақ сабақтарды өткізіп жіберуге жол берген жағдайда қойылады.

«F, FX» бағасы (қанағаттанарлықсыз) студент пән бойынша аудиториялық сабақтар мен СӨЖ-дің минималды теориялық және практикалық материалдарын іс жүзінде игермеген кезде, сабақтарға тұрақты емес қатысып, семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған кезде қойылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ (АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ) ГРА КӨШІРУ БАЛЛЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Білім алушыларды аралық аттестаттау – оқуды аяқтағаннан кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің) деңгейін бағалау рәсімі. Аралық аттестаттаудың мерзімі мен ұзақтығы академиялық күнтізбеде көрсетілген.

Қорытынды бақылау нысаны курстық жоба (жұмыс), сараланған сынақ, емтихан болып табылады.

Емтихандар жазбаша, ауызша, тестілік немесе аралас түрде өткізіледі. Тест нысаны кезінде олардың бейінділігі мен туыстық қағидатын сақтай отырып, модуль (екі және одан да көп пәндер) бойынша кешенді емтихан белгіленуі мүмкін.

Пән бойынша емтиханды өткізу күні мен уақыты академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен емтихандар кестесіне сәйкес айқындалады. Емтихан кестесімен сайтта "Студент" қойындысында келесі сілтеме бойынша танысуға болады ☞ <https://tttu.edu.kz/student/ekzamen/>.

Емтиханға келген кезде білім алушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс.

Емтихан кезінде білім алушылар оқу жұмыс бағдарламаларын, сондай-ақ емтихан алушының рұқсатымен анықтамалық әдебиеттерді және басқа да құралдарды пайдалана алады.

Егер білім алушы емтиханға дәлелді себептермен (отбасылық мән-жайлар, ұзақ қызметтік іссапарлар, дүлей зілзалалар) келе алмаса, тиісті ұйым құжатпен растаған болса, білім алушыға деканаттың шешімімен осы емтиханды жеке кестемен тапсыру тағайындалуы мүмкін.

Факультет деканы жекелеген жағдайларда (ауруы, отбасылық жағдайы, өзге де объективті себептері бойынша) өкім негізінде білім алушыларға емтихан сессиясын жеке тапсыруға (сессияны мерзімінен бұрын тапсыру немесе ұзарту) рұқсат бере алады.

Ол үшін:

- Білім алушылар факультет деканының атына емтихан сессиясын жеке тапсыруға немесе оны ұзартуға рұқсат беру туралы өтініш беруі тиіс;
- Емтихан сессиясы барысында орын алған және оны ұзартуды талап ететін күтпеген жағдайлар болған жағдайда білім алушылар болған оқиға туралы деканатқа дереу

хабарлауға және растайтын құжаттарды ұсына отырып, сессияны ұзарту туралы өтініш беруге міндетті;

- Пәндер мен есептілік нысандары көрсетілген өтінішке емтихан сессиясын жеке тапсыру қажеттілігін негіздейтін құжаттар қоса беріледі;
- Декан сессияны ұзарту немесе мерзімінен бұрын тапсыру туралы өкім шығарады.

Емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей апелляцияға беруге құқылы.

Апелляцияны кафедраның пәндік комиссиясы апелляциялық сұрақтың мәні бойынша емтихан өткізілгеннен кейінгі күні өткізеді.

- Апелляция студенттің (магистранттың, докторанттың) бастамасы бойынша мынадай жағдайларда жүргізіледі:
- Тест тапсырмалары дұрыс тұжырымдалмаған;
- Тест тапсырмаларында дұрыс жауап жоқ;
- Тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауаптар бар;
- Тест тапсырмалары оқу бағдарламасынан тыс;
- Билеттерде зерттелген бағдарламадан тыс сұрақтар және т. б. бар.
- Кезекші оқытушы емтиханға бөлінген уақыттың 10% - дан астамын жоғалтуға әкеп соқтырған компьютерлік тестілеу кезінде техникалық іркіліске жол берілу фактісіні растаған жағдайда;
- Емтихан нәтижелеріне әсер еткен басқа себептер (төтенше жағдайлар және т.б.).

Емтихан кезінде студенттің денсаулығына шағымданған кезде оқытушы білім алушыны дереу университеттің медициналық пунктіне жіберуі керек, онда емтихан күні өзін нашар сезіну фактісін жазбаша растауы керек. Денсаулығының нашарлығы расталған жағдайда емтихан нәтижелері жойылады, келмеу қойылады, ал декан өзінің өкімімен осы студентке (магистрантқа, докторантқа) сессияны ұзартуға немесе Тіркеу-офисі басшысының келісімі бойынша емтиханды жеке тапсыруды тағайындауға құқылы.

Емтихан өткізілгеннен кейін оның нәтижесіне әсер еткен білім алушылардың өзін нашар сезінуіне шағымдары қабылданбайды және емтихан нәтижелері өзгермейді.

КУРСТАН КУРСҚА КӨШІРУ GPA БАЛЛЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Көшіру GPA (Grade Point Average) баллы - таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (пән бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер көбейтіндісі сомасының ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттер санына қатынасы).

Білім алушылардың GPA балы оқу жылы аяқталғаннан кейін анықталады. Егер

студент (магистрант) белгіленген көшіру балын жинаса, ол келесі курсқа көшіріледі.
Белгіленген өту балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады.
 Осылайша, білім алушы бір курста бірнеше рет оқи алады.

- ҚарИУда орнатылған көшіру баллы (GPA):

- **1-ші курстан 2-ші курсқа көшкен кезде (бакалавриат) - 1,67 балл;**
- **2-ші курстан 3-ші курсқа көшкен кезде (бакалавриат) – 1,8 балл;**
- **3-ші курстан 4-ші курсқа көшкен кезде (бакалавриат) – 1,9 балл;**
- **4-ші курстан 5-ке көшкен кезде (бакалавриат, кешкі оқу түрі) - 2,00 балл;**
- **1-ші курстан 2-ге көшкен кезде (магистратура) - 2,33 балл.**
- **2-ші курстан 3-ке көшкен кезде (докторантура) – 2,33 балл;**
- **3-ші курстан 4-ке көшкен кезде (докторантура) – 2,33 балл.**

GPA есептеу мысалы:

Пән атауы	Кредит саны	Әріптік бағалау жүйесі	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұн	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
Математика	3	D+	1,33	55	3 (қанағат)
Физика	3	B	3,0	80	4 (жақсы)
Шет тілі	3	A	4,0	95	5 (өте жақсы)
Қазақ тілі	3	C	2,0	65	3 (қанағат)
АКТ	3	D	1,0	50	3 (қанағат)
Қазақстан тарихы	3	C+	2,33	71	4 (жақсы)

$$GPA = (3 \cdot 1,33 + 3 \cdot 3 + 3 \cdot 4 + 3 \cdot 2 + 3 \cdot 1 + 3 \cdot 2,33) / (3 + 3 + 3 + 3 + 3 + 3) = 2,28$$

ЖАЗҒЫ ОҚУ СЕМЕСТРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жазғы семестр жеделдетілген немесе қосымша оқыту, сондай-ақ академиялық берешектер мен оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою мақсатында білім алушының бастамасы бойынша ақылы негізде ұйымдастырылады.

Жазғы семестр келесі мақсатта өткізіледі:

- Білім алушылардың алдыңғы екі семестрдегі оқу пәндерін оқуы, олар бойынша академиялық берешектерді жою үшін консультациялар алу (бұл ретте таңдау бойынша кейбір пәндерді басқаларымен ауыстыруға болады);
- Білім алушылардың оқу пәндерін қайта қабылдау, басқа жоғары оқу орындарынан немесе мамандықтардан ауыстыру және академиялық демалыстан оралу кезінде академиялық айырмашылықты жою үшін оқуы;

— Кәсіби ой-өрісін кеңейту мақсатында студенттердің Университеттің басқа мамандықтарында оқылатын қосымша оқу курстарын игеруі.

Жазғы семестрде оқыту қызметі – білім алушының оқу нысанына қарамастан ақылы түрде болады. Пән үшін төлем мөлшерін ЖЖКБМ белгілейді және оның кредиттерінің санына байланысты.

Жазғы семестрде оқығысы келетін білім алушы өтінішті білім алушыларға қызмет көрсету орталығы арқылы толтырады. Өтініште білім алушы меңгергісі келетін пәндер көрсетіледі.

Өтінішке факультет деканы, келісім-шарт бөлімінің маманы қол қояды және АСД директорымен келісіледі. Кредиттер мен төлем сомасы көрсетілген өңделген өтініш білім алушының электрондық мекенжайына жіберіледі. Осыдан кейін білім алушы пәндердің игерілетін кредиттерін төлеуге келісім-шарт жасасады.

Жазғы семестр кезеңінде Сіз 20 кредиттен артық игере алмайсыз.

Білім алушы пәндерді жазғы семестрде тек ақы төленгеннен кейін ғана оқуға жіберіледі.

Жазғы семестр кезеңінде білім алушы пәннің оқу бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін қайта орындауы, тиісінше кемінде 50 және 30 балл бағасын және рұқсат беру рейтингінің балын алуы және емтихан тапсыруы тиіс.

Емтихандар оқу жылы ішінде өткізілген нысанда өткізіледі.

Жазғы семестр кезеңінде игерілген мамандықтың оқу жоспарының/білім беру бағдарламасының пәндері бойынша емтихандардың нәтижелері оқу жылының GPA есептеу кезінде ескеріледі.

Білім алушы негізгі (күзгі немесе көктемгі) академиялық кезеңде, академиялық қарыз немесе академиялық айырмашылық болып табылатын пәндерді қайта немесе қосымша оқи алады.



ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ

Жоғары білім алғаннан кейін (4 жыл – бакалавриат), Сіз ҚарИУдің магистратурасында келесі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыра аласыз:

- **7M07101** – Жаңа құрылымдық материалдарды өңдеу технологиясы
- **7M07102** – Органикалық заттардың химиялық технологиясы
- **7M07106/7M07109** – Материалтану және материалдардың нанотехнологиясы
- **7M07110/7M07111** – Автоматтандыру және басқару
- **7M07112/7M07113** – Электр энергетикасы
- **7M11201** – Өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік
- **7M07203/7M07204** – Қара және түсті металдар металлургиясы
- **7M07206** – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
- **7M07301/7M07302** – Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау теориясы мен технологиясы
- **7M07103/7M07105** - Технологиялық жабдықтардың инжинирингі
- **7M07114** - Көлік-технологиялық жүйелер инжинирингі

Осы білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімі 2 жыл (ғылыми-педагогикалық бағыт) және 1,5 жыл (бейіндік бағыт).

Магистрлік диссертацияны сәтті қорғағаннан кейін магистр келесі білім беру бағдарламалары бойынша докторантурада оқуын жалғастыра алады:

8D07101 - Инженериядағы нанотехнология

8D07102 - Технологиялық машиналардың инновациялық инжинирингі

8D07103 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы

8D07104 - Автоматтандыру және басқару

8D07202 – Қара және түсті металдар металлургиясы

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СЕКЦИЯЛАР

Жастар және шығармашылық бастамаларды дамыту мақсатында университетте келесі студенттік бірлестіктер жұмыс істейді:

1) "Абадан" пікірсайыс клубы.

2) Университеттің студенттік өзін-өзі басқару органдары:

- Студенттік Парламент;
- Жастар жұмысы жөніндегі комитет;
- "Абадан" пікірсайыс клубы;
- №1 және №2 жатақхананың студенттік кеңесі;
- "Қамқор" еріктілер орталығы;
- "Арыстан" полициясына жәрдемдесу жасағы;
- Старостылар кеңесі.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының порталы:

🔗 <https://tttu.edu.kz/komitet-po-dela-molodyozhi/>

Келесі спорт түрлері бойынша спорт секциялары жұмыс істейді:

- Футбол
- Баскетбол
- Волейбол
- Еркін күрес, қазақша күрес
- Ауыр атлетика
- Үстел теннисі
- Шахмат
- Дойбы
- Тоғыз-құмалак

Толығырақ ақпарат алу үшін Сіз кураторға, факультет деканына немесе тәрбие жұмысы департаментінің директоры Салпенова Мадина Мейрамқызына (жаңа корпус, каб. 205) харабласа аласыз.

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

ҚарИУ-да жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін академиялық саясат айқындайды.

Саясатта келесілер анықталған:

- Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру принциптері;
- Білім алушылардың білімін бақылау мен бағалаудың әртүрлі нысандарын жүргізу тәртібі;
- Білім алушылардың практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру және өту тәртібі;
- Білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау, оқудан шығару тәртібі;
- Қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу тәртібі және т. б.

[Академиялық саясат сайтта "Білім" қойындысында қол жетімді.](#)

ҚарИУ кітапханасын пайдалану ережелері

Кітапхана оқырмандарға кітапханадағы бар кітаптар, газеттер, журналдар мен құжаттарды уақытша пайдалануға беруді ұйымдастырады.

Үйге әдебиет беру абонементтерде жүргізіледі. Оқу залдары оны алып кету құқығынсыз пайдалану үшін әдебиеттерді ұсынады.

Энциклопедиялар, анықтамалықтар, диссертациялар, ағымдағы мерзімді басылымдар, сирек басылымдар мен құнды кітаптар, басылымдар, тек оқу залдарында жұмыс істеу үшін беріледі. Үйге соңғы және жалғыз данасы берілмейді.

Оқырмандарды кітапханаға жазу ректораттың бірінші курсқа студенттерді қабылдау туралы бұйрығымен жүргізіледі.

Кітапханаға жазылу кезінде оқырмандар оның ережелерімен танысып, оларды орындау туралы міндеттемені оқырман қорабындағы қолтаңбасымен растауы керек.

ЖЖКБМ-дан шыққан кезде оқырман кітапханаға, олардың атындағы басылымдарды қайтарады.

Кітаптарды, басқа да баспа туындыларын және өзге де материалдарды алған кезде оқырмандар басылымдарды мұқият қарап шығады және ақаулар анықталған жағдайда бұл туралы кітапханашыға хабарлайды әйтпесе кітаптардың бүлінуіне басылымды соңғы пайдаланған оқырман жауапты болады.

Басылымның жоғалуына немесе абайсызда бүлінуіне жауапты оқырмандар оларды бірдей басылымдармен немесе олардың көшірмелерімен немесе кітапхана тең деп таныған басылымдармен ауыстырады, ал ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда нақты құнын өтейді.

Кітапхананы пайдалану тегін.

Оқу залдарын пайдалану ережелері

Оқу залдарында берілетін кітаптардың, басқа да баспа туындыларының және өзге де материалдардың саны шектелмейді. Біржолғы сұраныс болған жағдайда кітаптардың саны шектелуі мүмкін.

Оқу залдарына жеке және кітапхана кітаптарымен, журналдармен, газеттермен, баспа басылымдарынан үзінділермен және басқа да баспа материалдарымен кіруге рұқсат етілмейді.

Оқу залдарынан әдебиеттерді шығаруға тыйым салынады. Бұл ереже бұзылған жағдайда оқырмандар кітапхана әкімшілігі белгілеген мерзімге кітапхананы пайдалану құқығынан айырылады.

Абонементті пайдалану ережесі

Абонементте әдебиеттерге тапсырыс беру кезінде оқырмандар кітап формулярын толтырады, онда олар нөмірді, топты және фамилияны анық жазуы керек.

Үйге берілген әдебиеттерді пайдалану мерзімі және абонементтерде (оқу, ғылыми және көркем әдебиет) берілетін басылымдардың саны шектеулі және кітапхана әкімшілігімен сараланады және кітапхананы пайдалану қағидаларында тіркеледі.

Оқырмандар, егер басқа оқырмандар тарапынан сұраныс болмаса, үйге алынған кітаптарды, басқа материалдарды, баспа туындыларын пайдалану мерзімін ұзарта алады.

Оқырманның құқықтары мен міндеттері

Жоғары оқу орны кітапханасының оқырмандары (білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер, қызметкерлер) құқылы:

- Кітапхана ұсынатын кітапханалық-ақпараттық қызметтердің негізгі түрлерін тегін пайдалануға.
 - Каталогтар мен карточкалар жүйесі және ақпараттандырудың басқа да нысандары арқылы қорлардың құрамы туралы толық ақпарат алу.
 - Ақпарат көздерін іздеуде және таңдауда консультациялық көмек алу.
- МБА бойынша кітапхана қорында жоқ қажетті басылымдарды алу.

Оқырмандар міндетті:

- Кітаптарға, басқа да баспа жұмыстарына және басқа да кітапхана материалдарына ұқыпты қарау.
- Кітапханада алынған басылымдарды белгіленген мерзімде қайтару.

Оқырманға рұқсат етілмейді:

- Кітапхана бөлмесіндегі тыныштық пен тәртіпті бұзу.
- Кітаптарды олар үшін қол қоймай кітапханадан шығаруға.
- Кітапхана басылымдарын бүлдіруге (оларға белгілер қойуға, сызуға, парақтарды туралау, корешоктарды бүгу).
- Карталарды каталогтар мен карталардан алу.
- Қызметтік бөлмелер мен кітап қоймаларына рұқсатсыз кіруге.